

**«Бауыржантану» ғылыми-зерттеу орталығындағы 2022-2023 жылы  
атқарылған  
жұмыстардың есебі**

«Бауыржантану» ғылыми-зерттеу орталығында қызметкерлер 2 бірлік (штатат)  
бойынша жұмыс жасайды.

| № | ТАӘ                             | Ғылыми дәрежесі                           | Орталықта атқаратын міндеті | Штат |
|---|---------------------------------|-------------------------------------------|-----------------------------|------|
| 1 | Мекемтас Мырзахметұлы           | Филология ғылымдарының докторы, профессор | Орталық жетекшісі           | 0,5  |
| 2 | Найзабаев Алимбай<br>Аманбаевич | Педагогика ғылымдарының магистрі          | Аға ғылыми қызметкер        | 1    |

Орталық қызметкерлері Б. Момышұлының мұрағаттары мен жеке тұлғалардың қолында сақталған қолжазба қорларын жинаумен айналысады. Бұл қолжазба қорлары негізінен Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағатында сақтаулы ақын-жазушылар, өнер адамдары мен қоғам қайраткерлері және тағы басқа саладағы Баукеңмен тығыз қарым-қатынаста болған адамдардың жеке қорлары мен үй мұрағаттарындағы қолжазбаларын және фотоқұжаттарды орталыққа жинап, баспаға дайындау ісімен айналысуда.

Б. Момышұлының әскери-теориялық еңбектері туралы жазған әскери қызметкерлер Б. Ертаев, К. С. Серикбаев, М. Айтқазина, Б. Смағұлов т.б. авторлардың еңбектері компьютерден теріліп, көптомдық кітапқа енгізу мақсатында баспаға әзірлеу жалғасуда.

Қазақстан және одақтас республикалардың бұқаралық ақпарат құралдарында 1941-2015 жылдар аралығындағы басылым көрген, Б. Момышұлы туралы жарияланған әр қилы деректер көзін анықтап, жүйелеп жинастыру үшін:

1. әртүрлі жанрдағы көркем туындылар:

- а) романдар
- ә) повестер
- б) әңгімелер
- в) драмалық шығармалар
- г) кинохроникалар
- д) көркем фильмдер

2. а) арнау өлеңдер

- ә) поэма, дастан, толғаулар
- б) естеліктер, мақалалар
- в) әндер (нотасымен)
- г) фотосуреттер
- д) конференция материалдары

3. а) мерекелік мақала, баяндамалар

- ә) ғылыми зерттеу еңбектер
- б) докторлық диссертациялар
- в) кандидаттық диссертациялар

г) магистрлік диссертациялар  
д) диплом жұмыстары  
ж) ақындар айтысын  
жинау жұмыстары да қоса атқарылмақ.

## **1. Ғылыми-зерттеу орталығының жетістіктері:**

1. М.Мырзахметұлының он томдық кітабы Алматы қаласы «Қазығұрт» баспасынан 2020 жылы жарық көрді.
2. М.Мырзахметұлының «Абайдың Шығыстық әлемі» атты кітабы Нұр-Сұлтан қаласы «Ғылым» баспасынан 2020 жарық көрді.
3. «Жамбыл облысының тарихы мен рухани мұралары көп томдығы» жобасымен Тараз Мұралары көптомдығының 34 томына «Бауыржан Момышұлы» атты кітап Ә.Найзабаевтың құрастыруында жарық көрді. 2020 жыл.
4. 2020 жылдың 24 желтоқсанда Жауынгер жазушы, Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының 110 жылдығына арналған «Бауыржан Момышұлы: Тәуелсіздіктің тарихы мен тағылымы» атты республикалық ғылыми-практикалық онлайн-конференциясын өткізді. Жинақ –кітап «Dulaty university», баспасынан 3 данамен жарық көрді.
5. Т.А.Мұқашев, А.М.Мұқашева «Бауыржантану» оқу құралы 06.10.2021 жылы М.Х.Дулати атындағы университетті «Dulaty university», баспасынан 500 данамен жарық көрді.
6. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивімен бірге «Бауыржан Момышұлы-Кеңес одағының батыры, Ұлы Отан соғысының ардагері, даңқты панфиловшы, жазушы» атты екінші фотоальбом 2021 жылы «Полиграфия сервис и Ко» баспаханасынан жарық көрді. Кітаптың алғы сөзін жазған орталықтың аға ғылыми қызметкері Әлімбай Найзабаев.
7. М.Мырзахметұлы мен Ә.Найзабаевтың құрастыруында Б.Момышұлының 31,32 томдары «Өнер» баспасынан 6000 данамен 2021 жылы жарық көрді.

2022-2023 оқу жылында орталық бекітілген жұмыс жоспары бойынша жұмыс жасап төмендегі жұмыстарды атқарды:

- Б.Момышұлы туралы баспа беттеріндегі, ақпарат құралдарындағы мақалаларды жинақтау, кітаптар мен арнау өлеңдерді компьютерге түсірілді.
- ZOOM, Facbook, WhatsApp платформалары арқылы Жиналған архив материалдарын студенттер мен мектеп оқушыларына онлайн форматта таныстырып отырдық
- Б.Момышұлының көптомдық шығармаларының 33 томының қолжазбасы баспаға дайындалды. Және «Б.Момышұлы туралы Жамбылдық қаламгерлер» деген шартты тақырыптағы 329 беттік қолжазба кітаптың жобасы дайындалды.
- 2022 жылы қыркүйек айында орталық ғимаратында «Көмбе» бағдарламасының қызметкерлерімен бірге «Бұралқы Сұлтанбекұлының өмірі мен өнегесі» атты деректі фильм түсірілді. Фильм 22 қазан күні «Қазақстан 1» телеарнасынан көрсетілді. Ютуб каналында алты айдың ішінде мыңнанан аса адам көрген.
- Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжімен бірге «М.Әуезов және Алаш» тақырыбында сыр-сұхбат өткізілді.
- 17 қараша 2022 жылы «Бауыржантану» ғылыми-зерттеу орталығына Тараз қаласының №35 орта мектебінің "Алғашқы әскери дайындық" курсының мұғалімі запастағы капитан Срайыл Асылжан Маратұлы және 10 сынып оқушылары қонаққа келді. Оқушылардың орталыққа келген негізгі себептерінің бірі – Бауыржан Момышұлының шығармашылығымен танысу болды.

- «Б.Момышұлы мен Ә.Нұршайықов: ақиқатқа айналған аңыз» тақырыбында оқырмандармен пікір алмасу мақсатында М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеттің студенттерімен дөңгелек үстел өтті.
- 20 желтоқсан 2022 жыл «Ақиқатқа айналған аңыз» тақырыбында Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейіне қарасты «Бауыржантану» ғылыми-зерттеу орталығы мен Тараз қаласының Б. Момышұлы атындағы №45 классикалық гимназиясының бірлесе отырып Б. Момышұлының 112 және Ә. Нұршайықовтың 100 жылдығына орай ұйымдастырылған «Б. Момышұлы мен Ә. Нұршайықов: ақиқатқа айналған аңыз» тақырыбында республикалық ғылыми-танымдық конференция өтті.
- «Ұстаз институтының» студенттерімен № 5 жатақханадағы студенттермен «Мағжан Жұмабаев пен Бауыржан Момышұлының рухани сабақтастығы» лекция сабақтарын өткіздік.
- 25 қаңтар 2023 жылы Абай атындағы орталық кітапханасында «Бір өңір - бір кітап» облыстық акциясы аясында Кеңес Одағының Батыры, жазушы, Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, әскери қолбасшы Бауыржан Момышұлының шығармаларын насихаттап, кітапхана оқырмандарының өңіріміздің әдеби мұрасын зерттеуге деген қызығушылықты дамыту, қоғамның кітап оқуға деген ықыласын көтеру мақсатында «Қазақтың Бауыржаны» атты танымдық кеш өткізілді.
- 7 ақпан 2023 жыл А. Бектің туғанына 120 жыл. «Бауыржантану» ғылыми-зерттеу орталығының қызметкерлері Тараз өңірлік мемлекеттік университеті филология факультетінің 2 курс студенттерімен кездесу ұйымдастырды. Кездесуге жазушы, драматург, публицист, Қазақстан Жазушылар одағының, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Елен Әлімжан мен Б. Момышұлының немере інісі Бекет Момынкұл қатысты. Кездесу барысында Б. Момышұлы мен А. Бек арасындағы шығармашылық байланысы талқыланды.
- 2023 жылдың 22 ақпан күні Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығымен бірге жалпы білім беретін мектеп оқушыларының арасында «Бауыржан оқулары» облыстық ғылыми-шығармашылық байқауы М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «Бауыржантану» ғылыми-зерттеу орталығының базасында өтті.
- М.Х.Дулати атындағы Тараз Өңірлік университетінің Әскери кафедра оқытушысы отставкадағы майор Оңалбеков Құрманбек Әділбекұлымен бірге 24 желтоқсанда кафедраның студенттерімен кездесу өткіздік.
- 2023 жылы 16 наурызда орталықтың жетекшісі профессор М.Мырзахметұлы ҚРОМА директоры С.Шілдебайдың қабылдауында болды.
- «Әйгілі партизан жазушы Қасым Қайсеновтің туғанына – 105 жыл» теле-радиодан сұхбат беру жоспарда тұр.
- 21.04.2023 жылы Жамбыл облысы Дін істері басқармасының теле-радиостудиясында «Дін проблемаларын зерттеу орталығының» дінтанушысы Құлтаев Сержанмен сұхбат өткіздік.

## 2. Кемшіліктері:

Мәскеу мұрағаттарындағы 8000 бетке жуық құжаттардың 100 бетке жуығын ғана алып үлгердік, қалғаны болашақтың еншісінде.

Осы орайдан келгенде орталықтың кемшіліктерін де айта кетейік.

- Әлі күнге дейін Куба, Ресей еліне барып мұрағат деректерін Қазақстанға жеткізе алмай отырмыз.

## 3. Ұсыныс:

Бауыржан Момышұлының шығармаларын тарихтық зор мәні бар, келешек ұрпақтарды патриоттық рухта тәрбиелеуге көмектесетін еңбектер деп тануымыз керек. «Бауыржантану» орталығының жинаған материалдары негізінде шыққан Бауыржан Момышұлының кітаптарын университетіміздің студент жастарына оқытсақ. Ол үшін университеттің оқу бағдарламасына «Бауыржантану» курсы енгізілсе.

«Бауыржантану» ғылыми-зерттеу орталығының  
аға ғылыми қызметкері,  
педагогика ғылымдарының магистрі

А.А.Найзабаев